



Кафедра: Балалар жасындағы стоматология, стоматологиялық аурулардың алдын алу, ортодонтия

# Балалардағы уақытша тістердің ұлпа қабынуын девитальды

## әдіспен емдеу



Орындаған: Үргенішбаева Ж.Р.

Факультет : стоматология

Тобы: 007-03-01

Жетекшісі: Зыкеева С.К.



## Жоспары:

1. Балалардағы уақытша тістердің анатомо-физиологиялық ерекшелігі

2. Балалардағы уақытша тістердің ұлпа қабынуын девитальды әдіспен емдеудің көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштері

3. Балалардағы уақытша тістердің ұлпа қабынуын девитальды әдіспен емдеу алгоритмі

# Балалардағы уақытша тістердің

анатомо-физиологиялық

ерекшелігі



- Уақытша тістер ұлпасы тіс емізікшесінің мезенхимасынан дамиды
- Уақытша тістерде эмаль мен дентин жұқа
- Уақытша тістер түбір өзектері енді, тіс қуысы кең, тіс түбірі өзегінің сағасы кең
- Түбір ұшы кең және уақыты келгенде сорылады
- Уақытша тістер астында тұрақты тістер ұрығы болады
- Уақытша тістер түбір өзегі периодонтпен байланыста болады.



# Балаларда ұлпа қабынуын емдеу әдістері



Консервативті  
әдіс  
(Биологиялық )

Хирургиялық әдіс

## Балаларда ұлпа қабынуын емдеу әдістері

1. Биологиялық әдіс- ұлпаның толық өміршеңдігін сақтап қалу
2. Ұлпаны виталды ампутация- жалпы және жергілікті анестезия көмегімен сауыт ұлпасын алу
3. Ұлпаның терең ампутациясы-анестезия көмегімен сауыт және түбір ұлпасының бір бөлігін алу
4. Виталды экстирпация-жергілікті анестезия көмегімен сауыт және түбір ұлпасын толықтай алу
5. Девиталды ампутация-сауыт ұлпасын некрозданғаннан кейін алу
6. Девитальды экстирпация-ұлпаны некрозданғаннан кейін толық алу

Балаларда ұлпа қабынуын емдеудің  
девиталды әдістері

Девиталды  
ампутация

Девиталды  
экстирпация





Созылмалы гангренозды ұлпа қабынуын және оның өршуін емдеуге қолданбайды

Уақытша тістердің түбірлері сорылуында қолданады

**Девиталды ампутация әдісі уақытша молярлардағы жедел және созылмалы фиброзды ұлпа қабынуын емдеу үшін қолданады.**

Мышьяк пастасы,резорцин формалинді паста, құрамында параформальдегид бар паста,резодент, форфенан,трайтемент, құрамында крезол бар пасталар

Ұлпаны мумифицирлейтін пасталарды 1 түбірлерге 24 сағатқа, көп түбірлерге 48сағатқа қояды.

Балаларды уақытша тістерінің ұлпа қабынуын девиталды ампутация әдісімен емдеудің алгоритмі **І келуі**

*□Бормен тісжегі қуысын өңдеу*

*□2% дикаинге малынған тампонды тісжегі қуысына 5 минутқа қою*


*□№1 стерилді шартәрізді бормен немесе үшкір зондпен тіс қуысын ашу*

*□Құрғақ мақта анжылармен тіс қуысын өңдеу*

*□№1 стерилді шартәрізді бордың басына тең ашылған тіс қуысына мышьяк пастасын қою*

*□Мақталы тампонды алып, эвгенол немесе камфорофенолмен ылғалдып, сығып, тісжегі қуысы түбіне қою, үстіне құрғақ мақталы тампон қою*

*□Дентин ұнтақты сумен араластырып, тісжегі қуысын жабу*



Девитальная ампутация во временных молярах  
 а — 1-е посещение; б — 2-е посещение; в — 3-е посещение;  
 г — эффективное лечение; д — неэффективное лечение  
 (развитие хронического периодонтита); е - возникновение  
 радикулярной кисты и смещение зачатка премоляра

Балаларды уақытша тістерінің ұлпа қабынуын девиталды ампутация әдісімен емдеудің алгоритмі **II келуі**

- Экскаватормен ұнтақ дентинді алу*
- Ұлпаны шұқып көріп, ауру сезісін тексереміз*
- Бормен тісжесгі қуысына соңғы өңдеу жүргіземіз*
- Тіс қуысын шартәрізді немесе фиссурлы бормен ашу*
- Өткір экскаватор немесе шартәрізді бормен сауыт ұлпасын алу*
- Резорцин-формалин немесе резодент дайындау*
- Маталы тампонды резорцин-формалин қойыртпағын сіңдіріп, түбір өзегі сағасына қалдыру*
- Құрғақ мақта тампон алып қою*
- Қуысты дентин-пастамен жабу*

Балаларды уақытша тістерінің ұлпа қабынуын девиталды ампутация әдісімен емдеудің алгоритмі **III келуі**

*□Экскаватормен дентин пастаны, мақталы тампондарды алу*

*□Резорцин-формалин немесе резодент дайындау*

*□Пастаны тегістегішпен алып, түбір өзегі сағаларын жабу*

*□Аралық төсем дайындап, тегістегіш немесе нығыздағыш көмегімен қуыс түбіне қою*

*□Тұрақты пломбылық материалды араластырып, дайындау*

*□Пломбаны қойып, соңғы өңдеу жүргізу*

## Девиталды экстирпация әдісі көрсеткіштері

1. Егер бұл әдіс жақсы жасалса одонтогенді инфекция мен периодонт қабынуын болдырмайды
2. ұлпа қабынуының кері қайту үрдісі болмағанда
3. Консервативті ем нәтижелі болмағанда
4. Жақсы өтетін түбір өзектерінде
5. Жергілікті анестезия жүргізуге болмайтын жағдайда
6. Балаларда жансыздандыруға қорқыныш жағдайы болғанда

## Девиталды экстирпация жүргізуге қарсы көрсеткіштер

- ұлпаның және оның түбір бөлігінің өміршеңдігі сақталатын болса
- Жаралы-некрозды ұлпа қабынуында немесе оның өршуінде
- Ұлпа қабынуы периодонтпен бірге болса
- Жарақаттық ұлпа қабынуында тісжегі қуысы болмаған жағдайда
- Девиталды әсер ететін пасталарға аллергиясы болған жағдайда



## Девиталды әсер ететін пасталардың әсер ету механизмі




Девитальды әсер ететін пасталарға құрамында мышьяк немесе параформальдегид бар пасталар жатады. Мышьяқты ангидрид тотықтырғыш ферменттердің тиолы тобын болктап, тіндік тыныс алуды жойып, ұлпадағы барлық жасушалардың некроздық таралуына алып келеді. Параформальдегид ұлпадағы белоктарды коагуляциялап, сусыздануы мен бөліктік мумификациясына алып келеді.





# **Девиталды экстирпация әдісінің жүргізілу алгоритмі I келуі**


- 1. Жансыздандыру жасау (инъекциялық және аппликациялық)**
- 2. Бормен тісжегі қуысын өңдеу**
- 3. №1 стерилді шартәрізді бормен немесе өткір зондпен тіс қуысын ашу**
- 4. Құрғақ мақталы анжымен қуысты құрғату**
- 5. №1 стерилді шартәрізді бордың басына сәйкес мышьяк пастасын ашылған қуысқа қою**
- 6. Мақталы тампонды алып, эвенол немесе камфорофенолмен ылғалдып, сығып, тісжегі қуысы түбіне қою, үстіне құрғақ мақталы тампон қою**
- 7. Дентин ұнтақты сумен араластырып, тісжегі қуысын жабу**



## **Девиталды экстирпация әдісінің жүргізілу алгоритмі II келуі**

- Экскаватормен ұнтақ дентинді алу***
- Ұлпаны шұқып көріп, ауру сезісін тексереміз***
- Бормен тісжегі қуысына соңғы өңдеу жүргіземіз***
- Тіс қуысын шартәрізді немесе фиссурлы бормен ашу***
- Өткір экскаватор немесе шартәрізді бормен сауыт ұлпасын алу***
- Антисептик көмегімен түбір өзектерін ұлпа алғышпен ұлпаны алу***
- Эндодонттық аспаптар көмегімен түбір өзегін кеңейту***
- Түбір өзегін медикаментозды өңдеу***
- Құрғақ мақта анжылармен түбір өзегін құрғату***
- Түбір өзегін пломбылау үшін паста дайындау***
- Түбірөзегітолтырғыш көмегімен пломбылау***
- Аралық төсем дайындап, тегістегіш көмегімен қуыс табанына қою***
- Тұрақты пломбылық материал дайындау, пломбаны қойып, соңғы өңдеу жүргізу***






## Қорытынды

- Балалардағы уақытша тістердің ұлпа қабынуын девиталды емдеу тиімді әдіс болып саналады. Өйткені, кішкентай балалар психикалық жағдайын ескере, оңай жасалынады және артық жансыздандырғыш жасауды қажет етпейді



## Қолданылған әдебиеттер:

- «Лекции по стоматологии детского возраста» Т.С.Супиев, С.К.Зыкеева  
121-125бет
- «Стоматология детского возраста» Т.  
Ф. Виноградов 255-262 бет
- «Стоматология детского возраста»  
Куцевляк 171-183 бет
  - [www.stom.ru](http://www.stom.ru)
- [www.google.ru](http://www.google.ru) безендіру  
үшін суреттер алынған.



Назарларыңызға  
рахмет!!!

*Более 30 000 счастливых улыбок –  
это результат нашей работы!*